

РОБОТОТЕХНИКА

балабақша аясында

(Балалардың шығармашылық қабілеттерін
дамытуға арналған әдістемелік құрал)

Алға қаласы, 2020 жыл

Алға аудандық білім бөлімінің эксперттік комиссиясының отырысында бекітілді.

Хаттама № 1. 04.09.2020 жыл

Бектүрганова Ш.О. Алға аудандық білім бөлімінің әдіскері

Құрастырған:

Аристамбаева Е.У.

№2 Айголек бөбекжай бақпасының тәрбиешісі.

Пікір жағандар:

Куларова А.Т.

№3 Гүлдер балалар бақпасының әдіскері

Шағанова Н.С.

№1 Еркетай балалар бақпасының әдіскері

Бағдарлама:

- баланың жеке дамуына;
- шығармашылыққа және танып білуге ұмтылуға;
- шығармашылық белсенділігін арттыруға;
- жалпы азаматтық құндылыққа баулу;
- педагогпен бірлесе отырып әрекет етуін ұйымдастыруға бағытталған;

Пікір

Робототехника балабақша аясында әдістемелік құралы мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларына арнап жасалынды. Әдістемелік құралдың негізгі міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың робототехникаға танымдық қызығушылығын арттыру, құрастыру дағдылары мен әдістерін қалыптастыру, құрастыру мәселелерін шешуде алғашқы тәжірибе жинауын қалыптастыру, құрастыру құралдарының жаңа түрлерімен таныстыру: LEGO, WEDO, ROBOLAB, LEGO DUPLO, LEGO DACTA.

Мектепке дейінгі балалық шақ - адам өмірінің кішкене бір бөлігі. Бірақ осы уақыт ішінде бала айтарлықтай мәлімет алып шығады. Кішкентай балалардың мүмкіндіктері зор және бұрын тек ересек жастағы балаларға ғана тиесілі деп саналған арнайы ұйымдастырылған оқытумен мектепке дейінгі балалардың білімдері мен ікемділіктерін қалыптастыруға болады.

Түсінік хат

Бағдарлама бағыты: танымдық-зерттеушілік
LEGO құрастыру құралдарымен құрастыру іс-әрекеті, бағдарлау, зерттеу, сондай-ақ жұмыс барысында өзара сөйлесу тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына ықпал етеді. “Робототехника балабақша аясында” бағдарлама сында түрлі білім салаларын кіріктіру - мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің алдына жаңа мүмкіндіктерді жүзеге асыруға жағдай жасайды, жаңа дағдыларды игертеді және дүниетанымын кеңейтеді.

Бағдарлама мақсаты: Өздерін қоршаған әлемнің логикалық қатынасы мен түрлі объектілерін модельдеуге үйрету.

Бағдарлама міндеті:

Танымдық міндеті: мектеп жасына дейінгі балалардың робототехникаға танымдық қызығушылығын арттыру.

Білімділік міндеті: құрастыру дағдылары мен әдістерін қалыптас-тыру, құрастыру мәселелерін шешуде алғашқы тәжірибе жинауын қалыптастыру, құрастыру құралдарының жаңа түрлерімен танысты-ру: LEGO, WEDO, ROBOLAB, LEGO DUPLO, LEGO DACTA.

Дамытушылық міндеті: шығармашылық белсенділігін дамыту, түр-лі жағдайда өз бетімен тиімді шешім қабылдауын жетілдіру, есте-сақтау қабілетін дамыту, ойлау қабілетін, елестете білу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік міндеті: жауапкершілікке тәрбиелеу, мәдениеттілікке, тәртіпке тәрбиелеу, коммуникативті қасиеттерін тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

робототехникаға тұрақты қызығушылығын қалыптастыру және балабақшадағы білім беру салаларына: “Таным”, “Коммуникация”, “Әлеуметтік орта”, “Денсаулық”, “Шығармашылық” салаларына қызығушылығын қалыптастыру;

берілген нұсқауларға байланысты әрекет ете білуге үйрету;

алға қойған мақсатқа жету үшін шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру;

дайын модельге дейін бірізді әрекет ете білу дағдыларын қалыптас-тыру;

логикалық тұрғыдан ойлай отырып өз бетімен әрекет етуге, өз ойын логикалық жүйелі түрде айта білуге, өз көзқарасын сенімді қорғай білулерін қалыптастыру;

топта жұмыс істей білу, міндеттерді бірдей бөле отырып әрекет етулерін қалыптастыру.

Бағдарламаны қорытындылау формалары:

- балабақша аясында балалар қолынан шыққан құрылыстар байқауын ұйымдастыру;
 - ата аналармен бірлесе отырып жобалық әрекет ұйымдастыру;
 - тәрбиешілермен бірлесе отырып жобалар құрастыру.
- Бағдарлама:**
- баланың жеке дамуына;
 - шығармашылыққа және танып білуге ұмтылуға;
 - шығармашылық белсенділігін арттыруға;
 - жалпыламазаттық құндылықтарға баулуға;
 - педагогпен бірлесе отырып әрекет етуін ұйымдастыруға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі білім берушілік мақсаты:

Құрастыруға, бағдарлауға, зерттеуге арналған ұйымдастырылған әрекеттер және ойын барысындағы балалардың өзара қарым қатынасы жан жақты дамыған тұлғаны тәрбиелейді. пайдалану.

Мектеп жасына дейінгі балалардың робототехникамен танысуы 4 кезеңмен жүргізіледі:

Құрастырғыштармен танысу, жинау нұсқаулығымен танысу және бөлшектерін біріктіре білуге үйрету.
Үлгі бойынша қарапайым құрылыстар құрастыру.
Компьютерлік ортала бағдарлама құрастыру ережелерімен танысу тыру және бағдарлама тілімен, пиктограммалармен таныстыру.
Модель жасаушылардың дайын үлгілерін жақсарту, оларды күрделендіру.

Жас құрастырушылар құрылыстың белгілі бір бөлігін өзгерткенде оның қандай өзгеріске ұшырайтынын зерттейді, оның мүмкіншіліктерін бағалайды, есеп береді, презентация ұйымдастыралы, сюжет ойлап табады, өз модельдерін пайдаланып, қойылым қояды.

“Робототехника балабақша аясында” бағдарламасында LEGO құрастырғышымен жұмыс жасау арқылы мектеп жасына дейінгі балалар:

қауіпсіздік техникасын сақтай отырып жұмыстануды үйренеді;
LEGO құрастырғышының негізгі бөліктерімен жұмыс істей біледі;
түрлі механизмдер, құрылғылар, модельдердің конструктивті ерекшеліктерін біледі;
құрастырудың қозғалмалы және қозғалмайтын түрлерін біледі;
роботтарды құрастырудың негізгі тәсілдерін меңгереді;
құрастырудың арнайы элементтерін, объектілерін пайдаланып, құрастырудың түрлі әдісі мен тәжірибесін игереді.

Құрастырушылармен танысу	1
Үлгі бойынша қарапайым құрылыстар құрастыру	2
Компьютерлік ортала бағдарлама құрастыру ережелерімен танысу	3
Модель жасаушылардың дайын үлгілерін жақсарту, оларды күрделендіру	4

№	тақырыптар	Мақсаты	Сан ы
1	«LEGO құрастырғышым танысу»	Балаларды LEGO құрастырғышмен таныстыру, олардың бөлшектерімен, бөлшектердің өзара біріктірілуімен таныстыру. Өз беттерімен құрастырту.	1
2	“LEGO WEDO немесе ROBOLAB	LEGO WEDO, ROBOLAB құрастырғыштарымен таныстыру, олардың өзара айырмашылығын көрсету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру, өз бетімен әрекет етуге баулу.	1
3	“Бағдарламалау ортасы деген не?”	Балаларды бағдарламалау ортасымен таныстыру, блоктармен, пиктограммалармен таныстыру, бағдарлама блоктары және құрастырғыш арасындағы қатынасты анықтауға үйрету, кеністікті бағдарлай білуге дағдыландыру.	1
4	“Роботтар әлем саяхат”	Балаларды роботтар әлемімен таныстыру, оларды адам өміріндегі алар орны туралы мағлұмат беру. Түрлі салада қолданылатын роботтар туралы бейнефильм тамашалату. Дүниетанымын кеңейту.	1
5	“Ақылды шығыршық”	Құрастыру моделінің алғашқы қадамдарымен таныстыру, тапсырма бойынша әрекет етуге үйрету, Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу, модель өлшемдерін көзбен мөлшерлеу қабілеттерін жетілдіру.	1

6	“Ақылды шығыршық”	Шығыршық моделін күрделендіру, оларға қосымша бөлшектер қосу немесе бөлшектердің орнын ауыстыру арқылы модельге өзгеріс енгізу, өз бетімен шешім қабылдауға дағдыландыру, өз әрекеттерінің нәтижесін арқылы байланыстыра сөйлеуін дамыту.	
7	“Темір жол”	Балаларды құрастырғышпен әрекет етуге үйретуді жалғастыру, дайын үлгіге қарап отырып құрастыруға үйрету, өз бетімен шешім қабылдай білуге баулу, саусақ моторикасын дамыту.	1
8	“Темір жол”	Өздері құрастырған модельді күрделендіруге үйретуді жалғастыру, кеңістік бағдарын анықтай білуге үйрету, көзбен мөлшерлеу қабілеттерін жетілдіру, бөлшектерді тиімді пайдалану мақсатында ойлану арқылы логикалық ойлауын жетілдіру.	1
9	“Кеме”	Балалардың құрастыруға білу дағдыларын жетілдіру, өздерін қоршаған ортадағы түрлі техниканы құрастыруға қызығушылығын арттыру, Өз жұмыстарын сипаттау арқылы тілдерін дамыту.	1
10	“Кімнің Кемесі жүйрік?”	Модельдің бағдарын күрделендіруге үйрету, өздері құрастырған модельді пайдаланып сюжетті ойын ұйымдастыру арқылы балаларды өзара ынтымақтастыққа тәрбиелеу, ұсақ бөлшектерді қолдану арқылы саусақ моторикасын дамыту.	1

11	“Ұшақтар”	Ұшақты құрастыра білуге үйрету, ЛЕГО құрастырғышын қолдану шеберліктерін арттыру, қарапайым құрастыру дағдыларын дамыту, көлік түрлері, мамандықтар туралы білімдерін толықтыра отырып, дүниетанымын кеңейту, диалогты сөйлеуін жетілдіру.	1
12	“Ұшақтарды құтқару”	Балалардың қарапайымнан күрделіге әрекет етуіне басшылық жасау, құрастыру барысында сабырлық сақтауға, ұқыпты құрастыруға қағдыландыру, бөлшектерді неғұрлым тиімді қолдану жолдарын қарастыруға үйрету, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу, өздері жасаған модельді пайдаланып, ойын ұйымдастыруға үйрету.	1
13	“Биші күс”	Балаларды тірі табиғат нұсқаларын құрастыруға үйрету. Құрастырғыш бөлшектерін пайдаланып, құстың дене бітімін дұрыс модельдеу бліктілігін жетілдіру, үлгіге қарап модельдеуге үйрету.	2
14	“Биші күс”	Құстың моделін күрделендіру, құстың дене бітіміндегі бөліктерінің қозғалғыш болуына мән беру, өз жасаған жұмыстарынан қанағаттанарлық сезім алуға тәрбиелеу, шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілетін жетілдіру, өз жұмыстары туралы әңгімелесту арқылы байланыстыра сөйлеуге үйрету.	3
15	“Дауылпазшы маймыл”	Жануарлардың сыртқы келбетін құрастыру схемасын меңгерту, жануарлардың дене бітімінің ерекшелігіне назар аударатын ойын модельдеуге жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, модельдің өлшемдерін дұрыс сақтай білу дағдыларын дамыту.	2

16	“Дауылпазшы маймыл”	Маймылдың дене м-ін қозғалғыш етіп күрделендіру, өзара ақылдаса отырып әрекет ету арқылы балаларды ынтымақтаса жұмыс жасауға баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	2
17	“Джунглимен танысу”	Джунглиді мекендейтін жануарлармен таныстыру арқылы дүниетанымын кеңейту, жануарларды дұрыс құрастыра білу дағдыларын жақсарту, суретке сүйене отырып модельдеуге үйрету, өз қалауымен таңдаған жануарын модельдеу.	
18	“Айбатты арыстан”	LEGO WEDO құрастырғышын қолдануды үйретуді бастау, оны құрастырудың ерекше лігіне назар аударту, бөлшектерін дұрыс біріктіруге үйрету, “мига шабуыл” әдісін қолдану арқылы балалардың логикалық ойлауын жетілдіру, кеністікті бағдарлауға үйрету, модельді құрастыруда сандық қатарға сүйене әрекет етуге дағдыландыру.	
19	“Менің сүйікті жануарым”	Балалардың суретке қарап өз бетімен модельдеуін жетілдіру, өздері құрастырған модельді пайдаланып шағын қойлым қою арқылы диалогты сөйлей білулерін дамыту, жануарлардың дене бөліктерін қозғалғыш етіп жасауға мән беру.	1
20	“Адамлы модельдеу”	Адам бейнесін модельдеуге көшу, адамның дене пропорциясын дұрыс беру үшін сандық қатарды пайдалану арқылы математикалық ұғымдарын кеңейту.	2
21	“Мауғлдің достары”	Ертегі кейіпкерлерін өз беттерімен модельдеуге үйрету, бұрын үйренген құрастыру дағдыларын өз беттерімен қолдана білулерін жетілдіру, қозғалғыш бөліктерді пайдаланып модельдерді қимылдату, өз әрекеттерін сипаттау, өзара тілдік қатынасты жақсарту.	3

№	тақырыптар	Максаты	сан ы
1	«LEGO құрастырғышым танысу»	Балаларды LEGO құрастырғышымен таныстыру, олардың бөлшектерімен, бөлшектердің өзара біріктірілуімен таныстыру. Өз беттерімен құрастырту.	1
2	“LEGO WEDO немесе ROBOLAB	LEGO WEDO, ROBOLAB құрастырғыштарымен таныстыру, олардың өзара айырмашылығын көрсету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру, өз бетімен әрекет етуге баулу.	1
3	“Бағдарламалау ортасы деген не?”	Балаларды бағдарламалау ортасымен таныстыру, блоктармен, пиктограммалармен таныстыру, бағдарлама блоктары және құрастырғыш арасындағы қатынасты анықтауға үйрету, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру.	1
4	“Роботтар әлем саяхат”	Балаларды роботтар әлемімен таныстыру, оларды алам өміріндегі алар орны туралы мағлұмат беру. Түрлі салада қолданылатын роботтар туралы бейнефильм тамашалату. Дүниетанымын кеңейту.	1
5	“Ақылды шығыршық”	Құрастыру моделінің алғашқы қадамдарымен таныстыру, тапсырма бойынша әрекет етуге үйрету, Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу, модель өлшемдерін көзбен мөлшерлеу қабілеттерін жетілдіру.	

6	“Ақылды шығыршық”	Шығыршық моделін күрделендіру, оларға қосымша бөлшектер қосу немесе бөлшектердің орнын ауыстыру арқылы модельге өзгеріс енгізу, өз бетімен шешім қабылдауға дағдыландыру, өз әрекеттерін сипаттау арқылы байланыстыра сөйлеуін дамыту.	
7	“Темір жол”	Балаларды құрастырғышпен әрекет етуге үйретуді жалғастыру, дайын үлгіге қарап отырып құрастыруға үйрету, өз бетімен шешім қабылдай білуге баулу, саусақ моторикасын дамыту.	1
8	“Темір жол”	Өздері құрастырған модельді күрделендіруге үйретуді жалғастыру, кеңістік бағдарын анықтай білуге үйрету, көзбен мөлшерлеу қабілеттерін жетілдіру, бөлшектерді тиімді пайдалану мақсатында ойлану арқылы логикалық ойлауын жетілдіру.	1
9	“Кеме”	Балалардың құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, өздерін қоршаған ортадағы түрлі техниканы құрастыруға қызығушылығын арттыру, Өз жұмыстарын сипаттау арқылы тілдерін дамыту.	1
10	“Кімнің Кемесі жүйрік?”	Модельдің бағдарын күрделендіруге үйрету, өздері құрастырған модельді пайдаланып сюжетті ойын ұйымдастыру арқылы балаларды өзара ынтымақтастыққа тәрбиелеу, ұсақ бөлшектерді қолдану арқылы саусақ моторикасын дамыту.	1

11	“Ұшақтар”	Ұшақты құрастыра білуге үйрету, ЛЕГО құрастырғышын қолдану шеберліктерін арттыру, қарапайым құрастыру дағдыларын дамыту, келік түрлері, мамандықтар тура лы білімдерін толықтыра отырып, дүниетанымын кеңейту, диалогты сөйлеуін жетілдіру.	1
12	“Ұшақтарды құтқару”	Балалардың қарапайымнан күрделіге өре кет етуіне басшылық жасау, құрастыру барысында сабырлық сақтауға, ұқыпты құрастыруға қағдыландыру, бөлшектерді неғұрлым тиімді қолдану жолдарын қарастыруға үйрету, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу, өздері жасаған модельді пайдаланып, ойын ұйымдастыруға үйрету.	1
13	“Биші құс”	Балаларды тірі табиғат нұсқаларын құрастыруға үйрету. Құрастырғыш бөлшектерін пайдаланып, құстың дене бітімін дұрыс модельдеу біліктілігін жетілдіру, үлгіге қарап модельдеуге үйрету.	2
14	“Биші құс”	Құстың моделін күрделендіру, құстың дене бітіміндегі бөлшектерінің қозғалғыш болуы на мән беру, өз жасаған жұмыстарынан қанағаттанарлық сезім алуға тәрбиелеу, шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілетін жетілдіру, өз жұмыстары туралы әңгімелесту арқылы байланыстыра сөйлеуге үйрету.	3
15	“Дауылпаз шы маймыл”	Жануарлардың сыртқы келбетін құрастыру схемасын менгерту, жануарлардың дене бітімінің ерекшелігіне назар аударла отыр ып модельдеуге жаттықтыру, көзбен мөл шерлеу, модельдің өлшемдерін дұрыс сақтай білу дағдыларын дамыту	2

16	“Дауылпазшы маймыл”	Маймылдың дене м-ін қозғалғыш етіп күрделендіру, өзара ақылдаса отырып әрекет ету арқылы балаларды ынтымақтаса жұмыс жасауға баулу, достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу.	2
17	“Джунглимен танысу”	Джунглиді мекендейтін жануарлармен таныстыру арқылы дүниетанымын кеңейту, жануарларды дұрыс құрастыра білу дағдыл арын жақсарту, суретке сүйене отырып модельдеу ге үйрету, өз қалауымен таңда ған жануарын модельдеу.	
18	“Айбатты арыстан”	LEGO WEDO құрастырғышын қолдануды үйретуді бастау, оны құрастырудың ерекше лігіне назар аударту, бөлшектерін дұрыс біріктіруге үйрету, “миға шабуыл” әдісін қолдану арқылы балалардың логикалық ойлауын жетілдіру, жеңістікті бағдарлауға үйрету, модельді құрастыруда сандық қатарға сүйене әрекет етуге дағдыландыру.	
19	“Менің сүйісіп жануарым”	Балалардың суретке қарап өз бетімен модельдеуін жетілдіру, өздері құрастыр ған модельді пайдаланып шағын қойыл ым қою арқылы диалогты сөйлей білулерін дамыту, жануарлардың дене бөліктерін қозғалғыш етіп жасауға мән беру.	1
20	“Адамды модельдеу”	Адам бейнесін модельдеуге қошу, адамның дене пропорциясын дұрыс беру үшін сан дық қатарды пайдалану арқылы математика лықұғымдарын кеңейту.	2
21	“Мауғлдің достары”	Ертегі кейіпкерлерін өз беттерімен модель деуге үйрету, бұрын үйренген құрастыру дағдыларын өз беттерімен қолдана білулерін жетілдіру, қозғалғыш бөліктерді пайдаланып модельдерді қимылдату, өз әрекеттерін сипаттау, өзара тілдік қатынасты жақсарту.	3

22	“Жануарлар баспанасы”	Балаларды қарапайымнан күрделіге модельдеуге үйретуді жаңағытыру, олардың өздері жасаған роботтарына бағдар бере отырып, белгілі қашықтықты түзу бағытта жүріп өтуге үйрету. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
23	“Робот”	Робот құрастыруға үйрету, дайын үлгіге қарап әрекет ету, сызбанұсқаны пайдалана білуге дағдыландыру, Роботты қозғалысқа енгізу барысында жұмыстау арқылы балалардың логикалық ойлауын жетілдіру, мақсатқа жетуге тәрбиелеу.	
24	“Заманауи роботтар”	Балаларды қазіргі заманғы түрлі өндірісте қолданылатын роботтармен таныстыру мақсатында бейнефильм тамашалау, жапондық, американдық ж.т.б. роботтық техникамен таныстыру, робототехника саласына балалардың қызығушылығын арттыру.	
25	“Бауырсақ” ертегісі кейіпкерлері”	Балалардың сызбанұсқаларға қарап модельдеу дағдысын жетілдіру, өз қалаулары бойынша кейіпкер таңдай отырып, өз бетімен әрекет етуге баулу, жұмысты ұқыпты орындауға үйрету, бөлшектерді өзара объектіуі барысында нық бекітуін қалағалы	1
26	“Бауырсақ” ертегісі	Өздері құрастырған жануар модельдерін пайдаланып, ертегіні үстел үстілік театрландыру. Ертегіні театрландыру арқылы мәнерлі сөйлеуін жетілдіру, модельдердің қиымыл жасай алатын болуын қалағалы, балалардың күшімен модельдерді күрделендіру. Ынтымақтастыққа тәрбиелеу.	2

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.
- 9.
- 10.
- 11.

27	“Автокөлік”	Үлгі бойынша құрастыруға үйретуді жаңағытыру, LEGO құрастырғышын пайдаланып жұмыс істей білу дағдысын жақсарту, автокөлік бөлшектерін сандық қатарды пайдаланып, дұрыс Модель деп құрастыруға үйрету. Робототехникаға қызығушылығын арттыру. Зейінін тұрақтандыру.	2
28	“Менің болашақ көлігім”	Балалардың өз қалаулары бойынша өздері ұнатқан көліктерді модельдеуге үйрету. Көліктің жылжымалы болуын қалағалы, түрлі жағдайда тиімді шешім қабылдауға тәрбиелеу, зейінін дамыту, өз модельдерін пайдаланып ойын ұйымдастыру арқылы балаларды татулыққа тәрбиелеу.	1
29	“Ұшақтар тікұшақтар”	Ұшақтар мен тікұшақтардың қарапайым модельдерін құрастыру, LEGO DACTA құрастырғышын пайдалануды үйрету. Сурет бойынша әрекет ете білуге баулу. Бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.	

30	“Ғажайып көлік”	Балалардың шығармашылығын, қиялын дамыту мақсатында фантастикалық көлік модельдеуге ұсыныс жасау, модельдің өзбетімен жылап алатын болуына мән берту, топтаса әрекет етуге болатынын ескерте отырып, балаларды бір-бірінің пікірін тыңдай білуге тәрбие беру, өз ойларын ашық айта білуге шақыру.	1
31	“Менің трансформерім”	Өз бетімен робот трансформер модельдеуге үйрету, “Трансформер” фильмін тамашалау арқылы балаларға шығармашылық бағыт беру, модельді күрделендіру арқылы балалардың ойлауын жетілдіру. Шығармашылыққа тәрбиелеу.	1
32	“Әскери техника”	Балаларды түрлі әскери техника модельдеуге үйрету, әскери техниканы құрастыру арқылы мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, әскери техниканың ерекшеліктері туралы түсінік беру. Отан қорғаушылар туралы әңгімелеу се отырып, патриотизмге баулу.	1
33	“Менің әкем инженер”	Балабақша аясында өтіп жатқан робототехника жұмысына ата - аналарды тарту, балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, түрлі роботтарды құрастыру арқылы баланың қызығушылығын арттыру, әке менбала арасындағы қарым қатынасты бірлескен шығармашыл тәндемге айналдыру.	1

34	“Ұшақтар”	Ұшақты құрастыра білуге үйрету, LEGO құрастырғышын қолдану шеберліктерін арттыру, қарапайым құрастыру дағдыларын дамыту, көлік түрлері, мамандықтар туралы білімдерін толықтыра отырып, дүниетанымын кеңейту, диалогты сөйлеуін жетілдіру.	1
35	“Ұшақтарды құтқару”	Балалардың қарапайымнан күрделіге әрекет етуіне басшылық жасау, құрастыру барысында сабырлық сақтауға, ұқыпты құрастыруға қағдыландыру, бөлшектерді неғұрлым тиімді қолдану жолдарын қарастыруға үйрету, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбие беру, өздері жасаған моделді пайдаланып, ойын ұйымдастыруға үйрету.	1
36	“Біздің көрме”	Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру арқылы балалардың көтеріңкі көңіл-күйін қалыптастыру, кіші топ балаларының робототехникаға деген қызығушылығын ояту, ұйымдаса әрекет ете білуге тәрбие беру.	1